

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 1-сі

**«БЕКІТЕМІН»**  
 Басқарма Төрағасы – Ректор  
**А. Сакенов**  
 « 01 » 09 2023 ж.



**УЕ-02-04-01**  
**ДУАЛЬДІ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ**  
**ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Түркістан, 2023

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 2-сі

### КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

#### ӘЗІРЛЕГЕН:

Құзыреттілік, мансап және жұмысқа орналастыру бөлімінің басшысы м.а.



Ә. Ниятова  
« 01 » 09 2023 ж.

«Туризм» мектебінің директоры



М. Абдиқаримова  
« 01 » 09 2023 ж.

«Қонақжайлылық» мектебінің директоры



Д. Аташева  
« 01 » 09 2023 ж.А.


#### КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор



К. Адилова  
« 01 » 09 2023 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы



А. Ермухамедова  
« 01 » 09 2023 ж.

Академиялық даму бөлімінің басшысы м.а.



А. Альмухамбетова  
« 01 » 09 2023 ж.

Әкімшілік бөлімінің басшысы



К. Тубеков  
« 01 » 09 2023 ж.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 3-сі

## МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Жауапкершілік және өкілеттер	4
3	Қысқартулар тізімі	4
4	Нормативтік сілтемелер	4
5	Терминдер мен анықтамалардың тізімі	5
6	Мақсаттары мен міндеттері	5
7	Дуальді оқытуды ұйымдастыру тәртібі	5
8	Дуальді оқытуды ұйымдастыру процесіне қатысушылардың функциялары	6
9	Өзгерістер мен толықтырулар	8
10	Өзгерістерді тіркеу парағы	9
11	Танысу парағы	10
	Қосымшалар:	
	Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу туралы шарт	11
	Білім алушылардың ECTS және оқу жетістіктерін дәстүрлі бағалау шкаласы	14
	ДО бойынша білім алушының апталық оқу жетістіктерін бағалау	15
	Дуальді оқыту жүйесінің элементтерін енгізу бойынша оқу сабақтарының кестесі	15
	ДО бойынша Жетекшінің бағалау парағы	16
	Дуальді оқытудың күнделігі	17
	ДО күнделігін жүргізу нұсқаулығы	18
	ДО сабақтары, жұмыстың мазмұны мен түрлері	19

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 4-сі

## 1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Халықаралық туризм және меймандостық университетінде» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) барлық ұйымдық-құқықтық нормалар мен меншік нысандарындағы кәсіпорындарда (ұйымдарда) білім берудің білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) меңгеретін университет білім алушыларына дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды,

1.2 Осы Ереже Университеттің оқу үдерісіне қатысатын құрылымдар үшін міндетті нұсқаулық болып табылады.

## 2. ЖАУАПҚЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТЕР

2.1 Ереже Университеттің Ғылыми кеңесінде талқыланып, қаралады.

2.2 Ережені Университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы бекітеді.

2.3 Ереже талаптарының жүзеге асырылуына Құзыреттілік, мансап және жұмысқа орналастыру бөлімі жауапты болып саналады.

2.4 Ереже талаптарының сапалы орындалуына Құзыреттілік, мансап және жұмысқа орналастыру бөлімі мен бітіруші мектеп директорлары жауапты.

## 3. ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ЖОО	– Жоғары оқу орны
ЖЖООКББҰ	– Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
КЕАҚ	– Коммерциялық емес акционерлік қоғам
Университет	– Халықаралық туризм және меймандостық университеті
ЖББМЖМС	– Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
ББ	– Білім беру бағдарламасы
ДО	– Дуальді оқыту
ЖАОК	– Жаппай ашық онлайн курстар
ААЖ	– Автоматтандырылған ақпараттық жүйе
ОӘМ	– Оқу-әдістемелік материалдар
ДООЖЖ	– Дуальді оқытудың оқу жұмыс жоспары
ҚРҒЖБМ	– Қазақстан Республикасының Ғылым және білім министрлігі

## 4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 Осы Ережеде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазанындағы №595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы; «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы (20.07.2022 ж. №2); Жоғарғы және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы); Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы); Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексі; Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальді оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы (ҚР ҒЖБМ 2023 жылғы 27 шілдедегі №361 бұйрығы) және басқа да нормативтік-құқықтық актілері, сондай-ақ

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 5-сі

университеттің ішкі нормативтік құжаттары.

## 5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

**Білім беру бағдарламасы** – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.

**Дуальді оқыту** – кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушының жауапкершілігі тең болған кезде білім беру ұйымдарында оқытуды кәсіпорында өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен жұмыс орындарын ұсынумен және білім алушыларға өтемақы төлеумен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны.

**Білім алушы** – дуальді оқыту туралы шарт негізінде осы Ережеге сәйкес дуальді оқыту элементтері бар білім беру бағдарламасы бойынша оқудан өтетін Тұлға.

**Дуальді оқыту туралы шарт** – өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту үшін жұмыс орнын ұсынатын кәсіпорын (ұйым) мен өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту шарттары мен тәртібін регламенттейтін оқу орны арасындағы жазбаша келісім.

**Оқыту кәсіпорны** – осы Ережеге сәйкес дуальді оқыту жүйесіне қатысатын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер.

**Тәлімгер** – кәсіпорынның (ұйымның) өндіріс технологияларын немесе қызмет көрсету саласын меңгерген, өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыратын білікті қызметкері.

**Дуальді оқытудың үйлестірушісі** – дуальді оқытуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты бітіруші мектептің оқытушысы.

## 6. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 Дуальді оқытудың мақсаты – еңбек нарығының қажеттіліктері мен күтулерін ескере отырып, кәсіптік даярлықты қамтамасыз ету, оқытудың өндіріспен байланысын нығайту.

6.2 Дуальді оқытудың міндеттері: экономиканың даму динамикасын ескере отырып кадрлар даярлау және еңбек нарығының қажеттіліктерін кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету; ББ мазмұнының жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігі; әлеуметтік әріптестікті кеңейту және оның шеңберінде кәсіпорында (ұйымда) ББ әзірлеу және оқу процесін ұйымдастыру; өндірістік жағдайларда білім алушыларға кәсіби тәжірибе беруді қамтамасыз ету; Университет түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.

## 7. ДУАЛЬДІ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

7.1 Дуальді оқыту теориялық және практикалық оқыту болып бөлінеді: Теориялық оқыту университет жағдайында, Практикалық оқыту кәсіпорындарда/ұйымдарда ұйымдастырылады.

7.2 Университет білім алушыларды практикалық даярлау жоспарланатын кәсіпорындармен/ұйымдармен дуальді оқыту туралы екі жақты шарттар жасасады, оқу семестрі басталғанға дейін келісім-шарт жасалуы қажет (Қосымша 1).

7.3 Кәсіпорын /серіктес ұйым ББ даярлау бағытына сәйкес келетін кәсіпорын жағдайында оқу процесін нормативтік және техникалық құжаттамамен қамтамасыз етеді, практикалық сабақтар өткізеді, жұмыс орындарын, кәсіптік практика базаларын ұсынады және тәлімгерлерді тағайындайды.

7.4 Дуальді оқыту элементтерін қолдана отырып оқу процесі кредиттік технология бойынша іске асырылады және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 6-сі

рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағаланады (Қосымша 2).

7.5 Университет оқу процесін оқу-әдістемелік материалдармен (бұдан әрі – ОӘМ) (оқулықтар, оқу, оқу-әдістемелік құралдар, оқыту бағдарламалары, білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтар, электрондық оқулықтар), желілік білім беру ресурстарына қолжетімділікпен сүйемелдейді.

7.6 Теориялық оқытуды практикалық дайындықпен ұштастыру негізінде білім беру қызметін ұйымдастыру кезінде пәннің оқу материалының кемінде 30% - ы өндірісте ұйым базасында игеріледі.

7.7 7.6-тармаққа сәйкес кәсіпорындарда/ұйымдарда Практикалық оқытудың үлгерімін ағымдағы (апта сайынғы) бақылауды бағалау пән бойынша білімді қорытынды бағалаудың 50% -кұрайды (0-50 балл), оқытушының үлгерімін ағымдағы (апта сайынғы) бақылауды бағалау пән бойынша қорытынды бағалаудың 50% - от (0-50 балл) құрайды (Қосымша 3).

7.8 Дуалды игерілген пәндер бойынша шетелдік бақылау бағасын университеттің бітіруші мектебінің оқытушылары ағымдағы бақылау бағалары негізінде және қажет болған жағдайда қосымша бақылау іс-шараларын жүргізу арқылы қояды.

7.9 Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушыға Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес кәсіпорынның еңбек тәртібі қағидалары және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі талаптар қолданылады.

7.10 Білім алушының еңбек қызметін растайтын құжат 2-тарапты келісім-шарты (дуальді технология және кәсіптік практика элементтерімен өндірістік оқыту) болып табылады.

7.11 Университет білім алушылардың ББ игеру үдерісін сақтауына, сабаққа қатысуына қатаң мониторинг жүргізеді, білім алушы мен оқытушының цифрлық ізін қадағалау, оның цифрлық ізі арқылы бағалау жолымен материалдарды зерделеу барысын және тапсырмалардың уақтылы орындалуын бақылайды.

7.12 Университет білім алушыларға консультациялық қолдау көрсетеді (білім алушы нашар меңгерілген тақырыптар бойынша тьюторларға жүгінеді).

7.13 Білім алушылар университеттің келісімі бойынша халықаралық білім беру платформаларында (Coursera, EdX, Future Learn, Udacity) ББ жекелеген пәндерін игере алады, олардың нәтижелері ЖОО белгілеген тәртіппен танылады, бүкіл оқу кезеңі ішінде академиялық кредиттердің жалпы көлемінің 50 пайызынан аспайды.

7.14 Білім алушылар аралық және қорытынды аттестаттауды университетте тапсырады. Аралық аттестаттауды дуальді оқытуға қатысатын кәсіпорыннан (ұйымнан) тәлімгерлерді (аттестатталушыға байланысты емес) және мамандарды тарта отырып, емтихан комиссиясы құрылатын оқу орны жүргізеді.

7.15 Аралық аттестаттау, егер дуальды оқытуды ұйымдастыру мен өткізу туралы шартта көрсетілсе, кәсіпорын немесе 3-тараптың қаражаты есебінен профессор-оқытушылар құрамының іс сапарға баруымен, Оқыту кәсіпорнының базасында өткізілуі мүмкін.

## **8. ДУАЛЬДІ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ**

### **8.1 Университет:**

8.1.1 Оқу процесіне қажетті жағдайды жасайды.

8.1.2 Кәсіпорынмен білім алушыны даярлау үшін дуальді оқытудың (ДООЖЖ) оқу жұмыс жоспарларын келіседі.

8.1.3 Университетте өткізілетін оқу сабақтары мен өндірістегі сабақтарды көрсете

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 7-сі

отырып, оқу сабақтарының кестесі негізінде дуальді оқытуды ұйымдастырады (Қосымша 4).

8.1.4 Келісім-шарт негізінде білім алушыларды дуальді оқытуға жіберу, оларға бітіруші мектептерден жауапты оқытушы-үйлестірушіні бекіту туралы бұйрық шығарады

8.1.5 Білім алушының дуальді оқытудан өтуіне бақылау жүргізеді.

8.1.6 Аралық және қорытынды аттестаттауды өткізеді.

8.1.7 Дуальді оқыту бойынша оқыған және өз біліктілігін растаған Университет түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі.

## 8.2 Кәсіпорын:

8.2.1 Дуальді оқыту бойынша оқуға ниет білдірген білім алушылармен әңгімелесу өткізеді.

8.2.2 Дуальді оқыту туралы екіжақты шарт жасасады.

8.2.3 ББ оқу жоспарларын әзірлеуге қатысады.

8.2.4 Дуальді оқыту үшін жұмыс орнын ұсынады, қауіпсіздік техникасына сәйкес қауіпсіз жағдайлар жасайды және шарттарда көзделген міндеттерді орындайды.

8.2.5 Жасалған шартқа сәйкес білім беру бағдарламаларына сайс практикалық оқытудың барлық түрлерін өткізуді ұйымдастырады;

8.2.6 Кәсіпорынның нұсқауларына сәйкес жеке қорғаныс құралдарын пайдалану ережелері туралы білім алушыны хабардар етеді және функционалдық міндеттерді оқыту және орындау үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етеді.

8.2.7 Дуальді оқытуды жүзеге асыру үшін білім алушыға тәлімгерді (кәсіпорын басшысын) бекітеді.

8.2.8 Тәлімгер апта сайын білім алушылардың жұмысын бағалайды және «Платонус» ААЖ-не нәтижелерін енгізу үшін бітіруші мектептің үйлестірушісіне бағалау парағын уақтылы ұсынады (Қосымша 5).

8.2.9 Бос орын болған жағдайда дуальді оқыту бойынша оқыған және өз біліктілігін растаған түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігін қарастырады.

8.2.10 Қажет болған жағдайда кәсіпорын туралы құпия ақпарат болып табылатын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемені талап ету құқығында;

8.2.11 Қажет болған жағдайда білім алушыларды Университет белгілеген Академиялық күнтізбе бойынша оқу үшін өндірістен босатады.

## 8.3 Білім алушы:

8.3.1 Кәсіпорынның шарттарымен, осы саланы реттейтін нормативтік құқықтық актілермен, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау шарттарымен танысады.

8.3.2 Оқу және өндірістік тәртіпті, ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптарды сақтайды.

8.3.3 Жұмыс оқу жоспарында белгіленген толық оқу курсынан өтеді.

8.1.4 Академиялық күнтізбеге сәйкес дуальді оқытуды аяқтағаннан кейін университетте аралық және қорытынды аттестаттаудан өтеді.

8.1.5 Кәсіпорында/ұйымда дуальді оқыту бағдарламалары бойынша практикалық сабақтар және басқа да жұмыс түрлері туралы күнделікке жазбалар жүргізеді (Қосымша 6).

8.1.6 Қажет болған жағдайда кәсіпорынның құпия ақпараты болып табылатын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттемеге қол қояды.

8.1.7 Кәсіпорын базасында Дуальді оқыту кезеңінде білім алушыға Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес кәсіпорынның еңбек тәртібі қағидалары

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 8-сі

қолданылады.

## 9. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

9.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішілік ережелерге сәйкес жүргізіледі.

9.2 Өзгерген жағдайда университеттегі күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы тиіс.







Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 11-сі

Қосымша 1

## ДУАЛЬДІ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

### ШАРТ №\_\_

Түркістан қ.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2023ж..

Бұдан әрі «Университет» деп аталатын «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ бір жағынан жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы-Ректор \_\_\_\_\_ атынан, \_\_\_\_\_, бұдан әрі «Кәсіпорын» деп аталатын, екінші Тараптың жарғысы негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ директор атынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, өзара тиімді ынтымақтастыққа ұмтыла отырып, төмендегілер туралы осы Шартты жасады:

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1 Тараптар Университет білім алушыларына қатысты дуальді оқытуды бірлесіп ұйымдастыруға және орындауға міндеттеледі.

1.2 Дуальді оқытудың мақсаты – білім алушылардың «6В111 – Қызмет көрсету саласы» оқыту бағыты бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (бұдан әрі – ЖББС) сәйкес кәсіптік білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеруі, сондай-ақ олардың практикалық дағдыларды болашақ кәсіби қызмет саласында Университетте және Кәсіпорында қалыптастыру.

### 2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

#### 2.1 Университет міндетті:

2.1.1 Кәсіпорынмен бірлесіп дуальді білім беру бағдарламаларын (силлабус), білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларын, жылдық академиялық күнтізбелерді, оқу үдерісін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

2.1.2 Кәсіпорынмен дуальді оқытудың мерзімін және оқу үдерісінің кестесіне сәйкес Кәсіпорынға жіберілетін студенттердің тізімін келісу.

2.1.3 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарына, оқу жоспарлары мен дуальді оқыту бағдарламаларына сәйкес толыққанды білім алатын студенттердің дуальдік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

2.1.4 Бітіруші мектептердің профессорлық-оқытушылық құрамынан білім алушыға дуальді білім беру бойынша үйлестірушілерін тағайындау.

2.1.5 Университет оқытушыларының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының Мемлекеттік білім беру стандарттарын, дуальді білім беру бағдарламаларын, оқу пәндері мен кәсіптік модульдердің жұмыс бағдарламаларын, лауазымдық нұсқаулықтар мен міндеттерді орындауын қадағалау.

2.1.6 Кәсіпорынға және жетекшілеріне практикалық сабақтарды ұйымдастыру және өткізуде, пәндер бойынша силлабустарды құрастыруда әдістемелік көмек көрсету және білім алушыларының апта сайынғы бағалауда көмек көрсету.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 12-сі

2.1.7 Білім алушыларға дуальді оқыту күнделіктерімен қамтамасыз ету және дуальді оқыту жоспарын орындау үшін жеке тапсырмалар беру.

#### 2.2 Университет құқылы:

2.2.1 Білім алушылардан кәсіпорын жарғысында, еңбек тәртібін, ішкі еңбек тәртібі ережелерін, еңбекті қорғау талаптарын, өмір қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі және Кәсіпорында қолданылатын басқа да жергілікті актілердің міндеттерін адал және тиісті түрде орындауды талап ету.

#### 2.3 Кәсіпорын міндетті:

2.3.1 Дуальді білім беру бағдарламасын, білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс оқу жоспарларын, жылдық академиялық күнтізбені және оқу үдерісін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуге көмектесу.

2.3.2 Университетпен Дуальді оқыту мерзімін және Кәсіпорынға жіберілетін студенттердің тізімін келісу.

2.3.3 Білім алушыларды дуальді оқуға университетпен келісілген мерзімде және санда қабылдау.

2.3.4 Кәсіпорында Жарғыға, санитарлық ережелерге, еңбекті қорғау, өмір қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін дуальді оқыту бағдарламаларын және білім алушыларды дуальді оқытудың қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету.

2.3.5 Дуальді оқыту бағдарламасының әрбір бағыты бойынша практикалық білім мен жұмыс әдістерін үйрету үшін білім алушының әр тобына ең білікті мамандардан (менеджерлерден) тәлімгер тағайындау.

2.3.6 Дуальді оқыту кезеңінде білім алушыларды оқу құралдарымен қамтамасыз ету.

2.3.7 Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, білім алушыларды практикалық материалдар мен урдістерге қол жеткізуді қамтамасыз ету.

2.3.8 Жетекшінің дуальді оқыту бағдарламасын, лауазымдық нұсқаулықты және міндеттерді орындауын қамтамасыз ету, соның ішінде білім алушылардың өндіріс процесіне қатысуын ұйымдастыру және білім алушыларға таныстыру өткізу.

2.3.9 Университетпен бірлесе отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік білім беру стандарттарына және оқу пәндерінің жұмыс бағдарламаларына сәйкес білім беру бағдарламалары мен кәсіби модульдер бойынша дуальді оқыту үдерісінде білім алушылармен игерілген жалпы және кәсіптік құзыреттерін бағалау рәсімін ұйымдастырады.

2.3.10 Білім алушылардың жұмысын апта сайын бағалап және нәтижелерді «Platonus» ААЖ-ға еңгізу үшін бітіруші мектепке уақытылы беру.

2.3.11 Тәжірибелік сабақтар кезінде білім алушылармен орын алған жазатайым оқиғаларды зерттеу.

#### 2.4 Кәсіпорын құқылы:

2.4.1 Дуальді оқытуда білім алушылармен Кәсіпорынның құпия ақпаратын жарияламауға қатысты тиісті құжаттарды ресімдеу және қаржылық жауапкершілік туралы шарт жасасу.

2.4.2 Ішкі еңбек тәртібі мен еңбек тәртібін, сондай-ақ Кәсіпорында қолданыстағы белгіленген құпиялылық режимін қайталап және өрескел бұзған жағдайда дуальді оқытудағы білім алушылардан бас тарту.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 13-сі

### 3. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

- 3.1 Осы шарт 5 (бес) жыл бойы қолданылады, 01.09.2028ж.  
3.2 Шартқа қосымша талаптар мен өзгерістерді Тараптар алған күннен бастап он күн ішінде қарайды және қосымша келісімдерде ресімделеді.  
3.3 Шарттың толықтырулары оның ажырамас бөлігі болып табылады.

### 4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 4.1 Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шарт талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.  
4.2 Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін Тараптардың Шарт талаптарын олардың қалауынан тыс орындауына кедергі келтіретін «форс-мажорлық» мән-жайлардың қолданылуы салдарынан жауапкершіліктен босатылады.  
4.3 «Форс-мажорлық» мән-жайлар туындаған кезде осы Шарттың тармақтарын орындау олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға немесе олардың зардаптары жойылғанға дейін тоқтатылады (немесе қолжетімді шектерде шектеледі).

### 5. ӨЗГЕ ДЕ ШАРТТАР

- 5.1 Осы шартпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.  
5.2 Осы шарттың талаптарын орындау кезінде туындайтын даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың келісімі бойынша шешіледі.  
5.3 Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау сот тәртібімен, Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешіледі.  
5.4 Тараптар осы келісімге қосымша келісімдерге, білім алушылардың жеке келісім-шарттарына, сондай-ақ оны ресімдеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға қатысты басқа да құжаттарға қолжазба және факсимильдік қолтаңбаның тең заңды күшін таниды.  
5.5 Шарт орыс тілінде екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалған.  
5.6 Осы Келісім екі Тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 3.1 тармағына сәйкес жарамды.

### 6. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ

**УНИВЕРСИТЕТ**  
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы /

**КӘСПОРЫН**

Заңды және пошталық мекенжай

Заңды және пошталық мекенжай /

Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.,  
Рабиға Сұлтан Бегім көш., 14А  
БСН 190 440 033 845

БСН

Басқарма төрағасы - Ректор /

Басшы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 14-сі

*Қосымша 2*

Білім алушылардың ECTS және оқу жетістіктерін дәстүрлі бағалау шкаласына аудару арқылы бағалаудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйеде бағалау	Сандық эквивалент	Балл (жетекші)	Балл (оқытушы)	Балл (жалпы)	Дәстүрлі бағалау
A	4,0	47,5-50	47,5-50	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	45-47	45-47	90-94	
B+	3,33	42,5-44,5	42,5-44,5	85-89	Жақсы
B	3,0	40-42	40-42	80-84	
B-	2,67	37,5-39,5	37,5-39,5	75-79	
C+	2,33	35-37	35-37	70-74	
C	2,0	32,5-34,5	32,5-34,5	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	30-32	30-32	60-64	
D+	1,33	27,5-29,5	27,5-29,5	55-59	
D-	1,0	25-27	25-27	50-54	
FX	0,5	12,5-24,5	12,5-24,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-12	0-12	0-24	

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 15-сі

Қосымша 3

**ДО бойынша білім алушының апталық оқу жетістіктерін бағалау**

Балл (жетекші)	Балл (оқытушы)	Балл (жалпы)	Дәстүрлі бағалау
45-50	45-50	90-100	Өте жақсы
35-44,5	35-44,5	70-89	Жақсы
25-34,5	25-34,5	50-69	Қанағаттанарлық
0-24,5	0-24,5	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Қосымша 4  
Ф-02-04/11

**«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ**

**«БЕКІТЕМІН»**

Мектеп директоры «\_\_\_\_\_»

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2023 ж.

**2023-2024 оқу жылы**

Дуальді оқыту жүйесінің элементтерін енгізу бойынша оқу сабақтарының кестесі

Білім беру бағдарламасы «\_\_\_\_\_ – «\_\_\_\_\_»

ДО базасы \_\_\_\_\_  
(Отель, ресторан, турфирмалар, музейлер)

№	Пән атау	Кредит	Университетте өткізілетін сағаттар			Кәсіпорында өткізілетін сағаттар			Қорытынды бақылау университет
			Теориялық бөлім (университет)	Сағ - аптасына /барлығы	Мерзімі	Өндірістік бөлім (кәсіпорын)	Сағ - аптасына /барлығы	мерзімі	

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 16-сі

<b>Барлығы</b>									
<b>Дуальді оқытудың үйлестірушісі</b> _____									

Қосымша 5  
Ф-02-04/12

**«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ**

**Кәсіпорын** \_\_\_\_\_

**Күні** \_\_\_\_\_

**ДО бойынша Жетекшінің бағалау парағы**

\_\_\_\_\_ тобы  
Білім алушының аты-жөні

№	Пән атауы	Балл
1		
2		
3		
4		
5		
6		

Ағымдық бақылау бағалары апта сайын қойылады (жұма күні 18.00-дейін).

**Жетекші** \_\_\_\_\_  
қолы аты-жөні



Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 17-сі

Қосымша 6  
Ф-02-04/13

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ

**ДУАЛЬДІ ОҚЫТУДЫҢ  
КҮНДЕЛІГІ**

(кәсіпорында орындалған практикалық сабақтарының есебі)

\_\_\_\_\_ оқу жылы

Білім алушының аты-жөні

\_\_\_\_\_

Білім беру бағдарламасы

\_\_\_\_\_

Оқу курсы

\_\_\_\_\_ Тобы \_\_\_\_\_

Білім алушының қолы

\_\_\_\_\_

Түркістан

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі		Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Дуальді оқытуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ереже		УЕ-02-04-01
Бекітілген 01.09.2023 ж.	Басылым №2	19 беттің 18-сі

### ДО күнделігін жүргізу нұсқаулығы

Дуальді оқыту күнделігін (ДО) үйлестіруші дуальді оқыту туралы шарт жасалған кәсіпорынмен келісілген дуальді оқыту бағдарламасына сәйкес жасайды. Күнделікке кәсіпорындағы/ұйымдағы ДО бағдарламалары бойынша тәжірибелік сабақтар мен басқа жұмыс түрлерінің жазбалары толтырылады. Күнделікте білім алушы нақты орындалған тапсырмалар мен меңгерілген дағдыларды көрсетіп, толтырады. Білім алушы кестені өз бетінше толтырады, жазбалары көк түсті қаламмен ұқыпты және анық жазылуы тиіс. Жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес ДО күнделігін толтыруды тәлімгер және дуальді оқытудың үйлестірушісі бақылайды. Дуальді оқыту күнделігін жүйелі түрде толтыру қорытынды аттестацияға жіберудің қажетті шарты болып табылады. Дуальді оқыту бойынша жұмыстардың барлық түрлерінің орындалуы және дуальді оқытудың күнтізбелік жоспарының орындалуы кәсіпорынның мөрімен куәландырылады және осы кәсіпорында дуальді оқытуды жүзеге асыруға жауапты тұлғаның қолы әрбір студенттің дуальді оқыту күнделігінің соңғы бетіне қойылады.

### Дуальді оқытудың қатысушылары туралы ақпарат

ДО өту орны \_\_\_\_\_

Мекен-жайы: \_\_\_\_\_

Саласы: \_\_\_\_\_

ДО мерзімі: \_\_\_\_\_

Жетекші туралы мәліметтер	ДО үйлестірушісі туралы мәліметтер
Аты-жөні _____	Аты-жөні _____
Қызметі _____	Қызметі _____
Байланыс телефоны _____	Байланыс телефоны _____
Қолы _____	Қолы _____

